



ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІ РЕФОРМАЛАНДЫРУ

Орындаған: Кабдылгазезова Аерке

Тобы: МВТ-03

Жоғары мектеп

Жоғары мектептің қалыптасу факторлары

*жазудың пайда
болуы*

*Адам еңбегінің ақыл ой
және дене еңбегіне
бөлінуі*

Жоғары білім беру ұйымдарының түрлері

Институт

мамандықтардың бір-екі топтары бойынша жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқу орны

Университет

мамандықтың үш тобынан кем емес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын және өз қызметі саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын оқу орны

Академия

мамандықтардың бір-екі топтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогтік қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын, өз қызметінің салаларында ғылыми зерттеулерді орындайтын оқу орны

Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдардан бергі білім беру жүйесін келесі кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

1991-1994 жж. - жоғары білімнің заңнамалық және нормативтік- құқықтық базасының қалыптасуы

1995-1998 жж. - жоғары білім беру жүйесін және оның мазмұнын жаңарту

1999-2004 жж. - білім беруді басқару мен қаржыландыру, білім беру ұйымдарына академиялық еркіндік беру


2005-2010 жж. - «2015 жылға дейінгі Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы» негізінде нарықтық экономикаға жоғары білім беру жүйесін бейімдеу

2011 жж. қазіргі уақытқа дейін - жаңа кезең, инновациялық дамуға бейімделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың ұлттық моделін қалыптастыру

БІЛІМ БЕРУ

- «*Білім беру*— жеке тұлға мен қоғам мүддесі бойынша жүзеге асырылатын педагогикалық ұйымдасқан әлеуметтену процесі» (Б. М. Бим-Бад, А. В. Петровский).
- «*Білім беру*— қоғамда арнайы ұйымдастырылған адамның дамуына қажетті жағдай жасау жүйесі» (В. С. Безрукова).
- «*Білім беру*— білімнің, іскерліктің, дағдының, ойлау тәсілдерінің оқыту процесіндегі жетістігі жүйесі» (И. П. Подласый).
- «*Білім беру*— адамзаттың әлеуметтік маңызды тәжірибесін меңгерумен байланысты білім, іскерлік, шығармашылық әрекеттерде жүзеге асырылатын жеке тұлғаның дамуы мен өзін-қзі дамыту процесі» (Үлкен энциклопедиялық сөздік).

Білім беру құндылық ретінде



Б.С. Гершунскийдің пікірінше, білім беруді дамыту саясаты жеке адамның дербес ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін ескере отырып, тұлғалық бағытта болуы керек.

Білім беру жүйесі

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Майкл Барбер

Білім беру жүйесі қызметінің арнайы шарттары



ТЕНДЕНЦИЯ

- көзқарастағы немесе іс-қимылдағы бағыттылық, ұмтылыс;
- қандай да бір құбылыстың дамуының барысындағы бір бағыт;
- біреуге танылатын идея, ой.

Қазіргі заманғы білім берудің негізгі тенденциялары (А.А. Вербицкий бойынша)

- *Бірінші тенденция*— білім берудің әрбір кезеңін үздіксіз халықтық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұғыну (мектеп пен жоғары оқу орны, ЖОО мен студенттердің болашақ өндірістік қызметі);
- *Екінші тенденция*— «оқытуды индустрияландыру», яғни қазіргі заманғы қоғамның интеллектуалдық әрекетін іс жүзінде күшейтуге мүмкіндік беретін оқытуды компьютерлендіру және оны технологияландыру.
- *Үшінші тенденция*— басым мәлеметтік формалардан проблемалық элементтер, ғылыми ізденістер, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қорын кеңінен қолданулары қамтылған оқытудың белсенді әдістері мен формаларына көшу.
- *Төртінші тенденция*— оқу-тәрбие процесін қатаң тәртіппен ұйымдастыру мен алгоритмделген әдістерден осы процесті дамытушы, белсендіруші, жылдамдатушы, ойын және т.б. әдістеріне ауысудың психологиялық-дидактикалық шарттарын қарастыру.
- *Бесінші және алтыншы тенденция*— оқушы мен оқытушының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға қатысты және оқытуды ұжымды, оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде ұйымдастыру қажеттілігін атап өтеді, бұл жерде басты назар «оқытушының оқыту әрекетінен оқушының танымдық әрекетіне ауысады».

Болон процесі қазақстандық жоғары білімнің Еуропалық білім беру кеңістігіне ықпалдасуы ретінде

- Болон процесі – бұл бастауы 1999 жылы Болоньяда Болон декларациясына қол қою арқылы басталған Еуропадағы жоғары білімнің ең терең және ауқымды құрылымдық реформасы
- Болон декларациясы:
- дипломға қосымшалар берудің айқын, анық және салыстырмалы дәрежелер жүйесін қолдану;
- үш сатылы жоғары білім беру жүйесін енгізу;
- кредиттер жүйесін ұтқырлықты арттыру құралы ретінде қабылдау;
- студенттер мен оқытушылардың еркін жүріп-тұруы үшін ұтқырлықты ынталандыру;
- салыстырмалы критерийлер мен әдіснамаларды әзірлеу мақсатында сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық ынтымақтастықты дамыту;
- жоғары білім берудегі еуропалық өлшемді күшейтуді қарастырады.

Қазақстан Болон процесіне 2010 жылдың 11 наурызында Будапеште өткен Білім министрлерінің форумында қосылып, европалық ортақ жоғары білім беру жүйесіне шенген Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет аманды. Еуропалық білім беру кеңістігіне толық құқықты қатысушы Қазақстан Болон декларациясына қосылу арқылы отандық білім жүйесін дамытуды көздегені белгілі. Болон үдерісіне қосылу Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың отандық білім беру жүйесін дамыту туралы пәрмендерін орындау мақсайтында жүзеге асырылған шара. Бұл шара – Қазақстанның Еуропалық жоғары білім аумағына кіруінің бастамасы. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы отандық жоғары оқу орындары мен студенттер үшін көптеген мүмкіндіктер береді кен.

**НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**